

Ақтау қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 6 маусымдағы № 366 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 964 "Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізу қағидасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтау қаласы әкімшіятының 2001 жылғы 3 қыркүйектегі № 20 "Аз қамтамассыз етілген отбасылары мен мұқтаж азаматтарға электр өлшегін тегін беру жөнінде" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 554 санды тіркелген), Ақтау қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 28 қазанында № 110 "Ақтау қаласы маршруттарында қалалық жолаушылар көлігі қызметін көрсету үшін ашық тендер ұйымдастыру Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1139 санды тіркелген), Ақтау қаласы әкімдігінің 2011 жылдың 8 маусымдағы № 631 "Бизнестің жол картасы 2020" бағдарламасы шеңберінде жастар тәжірибесін ұйымдастыру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11-1-159 санды тіркелген, 2012 жылдың 14 шілдесінде № 33(40) "Ақтау ақпарат" газетінде жарияланған), Ақтау қаласы әкімдігінің 2011 жылдың 8 маусымдағы № 634 "Жол картасы шеңберінде әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11-1-160 санды тіркелген, 2012 жылдың 14 шілдесінде № 33(40) "Ақтау ақпарат" газетінде жарияланған) қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтау қаласы әкімінің орынбасары Р.Т. Елтизаровқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қала әкімінің м.а.

Б.Шапқан

КЕЛІСІЛДІ:

"Ақтау қалалық жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Г.Хайрлиева

"06" 6 2012 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК